

Құпия өнертабыстар үшін өтемақылар мен сыйақылардың сараланған мөлшерін және оларды төлеудің тәртібін бекіту туралы

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 желтоқсан N 1470 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесін қорғау, құпия өнертабыстарды жасау мен пайдалануға байланысты туындайтын қатынастарды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Патент иесіне өнертабысты құпиялағаны үшін, өнертабыстың құндылығына қарай, есептік көрсеткіштің 10-нан 15-ке дейінгі мөлшерінде өтемақылар төлеу бекітілсін.

2. Авторларға құпия өнертабыстар жасағаны үшін біржолғы көтермелеу сыйақысын, сондай-ақ оларды пайдаланғаны үшін сыйақыны төлеу тараптардың арасындағы келісімге сәйкес белгіленген мөлшерде жүргізілсін, бұл ретте сыйақы сомасы есептік көрсеткіштен кем болмайды.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы алдын ала патент немесе патент бергеннен соң бір ай мерзім ішінде өнертабыстарды құпиялағаны үшін ақшалай өтемақы мен біржолғы көтермелеу сыйақысын төлеуді, сондай-ақ патент бажын төлеуді және құпия өнертабысқа арналған өтінімдерді сараптауға ақы төлеуді жүргізсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі